«Қожамберді ауылдық
округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
«РеалСтройСнаб» ЖШС, «Мансур НС» ЖШС мен
«Альфа Проект Строй» ЖШС өзара бірлесе отырып, ауылдық округтің
әлеуметтік-экономиялық жағдайын жақсарту жөніндегі жобаларды
іс жүзіне асыру туралы жасасқан
№8 МЕМОРАНДУМ

«Қожамберді ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан ауылдық округінің әкімі Н.Ә.Сейтқасымов, «РеалСтройСнаб» ЖШС-нің тарапынан Ж.Ж. Ногайбаев, «Мансур НС» ЖШС-нің тарапынан Б.С.Әлденбаев және «Альфа Проект Строй» ЖШС-нің тарапынан Ж.Қ.Хамит әрі қарай тараптар: Осы әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыру жөнінде төмендегідей келісімге келді:

1-бап

Осы Меморандумның негізгі мақсаты әлеуметтік жобаны бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі көлемінде іс жүзіне асыру. Жоба және құрылыс жұмыстары мердігер ұйымның есебінен жүзеге асырылады.

2- бап

Осы Меморандум көлемінде бірлескен қарым-қатынастың келесі түрлері қарастырылады:

а) Әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыруға ықпал жасау;

а) Жобаны іс жүзіне асыру жолдары мен түрлерін талқылауға кездесулер өткізу;

б) Қосымша тараптардың келісуімен басқа да қарым-қатынас түрлері.

3-бап

«Альфа Проект Строй» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2024 жылы Қожамберді ауылдық округі Қожамберді ауылының Тойлыбек №2 көшесі бойы қиыршық тастан жол құрылысы бойынша жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуді міндетіне алады.

4-бап

«РеалСтройСнаб» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2024 жылы Қожамберді ауылдық округі Қожамберді ауылының Тойлыбек №2 көшесі бойы қиыршық тастан жол құрылысын аяқтап «Қожамберді ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі теңгеріміне өткізуді өз міндетіне алады.

5-бап

«Мансур НС» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2024 жылы Қожамберді ауылдық округі Қожамберді ауылының Тойлыбек №2 көшесі бойы қиыршық тастан жол құрылысының жұмыс барысын және жоба-сметалық құжаттарына сәйкес жұмыстың орындалу сапасын қадағалайды.

6-бап

«Қожамберді ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі екінші тараптың Қожамберді ауылдық округі Қожамберді ауылының Тойлыбек №2 көшесі бойы қиыршық тастан жол құрылысын, құжаттарды уақытылы, коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне өткізуді заңға сәйкес рәсімдейді.

Осы Меморандумға қол қоюшы тараптар өздерінің өкілеттігіне қарай өзара келіспеушілік туындаған мәселелерді шешуге жауапкершілікпен қарауды міндетіне алады.

7-бап

Осы Меморандум тараптардың өзара келісімі арқылы өзгерістер мен қосымшалар енгізуге болатындығын және осы меморандумның бөлінбейтін бір бөлігі болады.

8-бап

Осы Меморандум тараптардың қол қойған уақытынан бастап әлеуметтік жобаның іс жүзіне асыру мерзімі біткенге дейін күшінде болады.

Меморандум Қожамберді ауылдық округі Қожамберді ауылында 2024 жылы 12 қыркүйекте__4__дана жасалды.

Меморандумға қол қоюшылар:

Ауылдық округі әкімі Н.Э.Сейтқасымов	«Альфа Проект Строй» ЖШС-нің директоры Ж.Қ.Хамит	«Мансур НС» ЖШС-нің директоры Б.С.Әлденбаев	«РеалСтройСнаб» ЖШС-нің директоры Ж.Ж.Ногайбаев